

Дәріс тақырыбы: Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемінің тізімі бойынша әйелдер қауымының скринингі. Диспансеризация.

Кіріспе.

Негізгі бөлім.

а) ҚР бекітілген заң көлеміндегі тегін медициналық қызмет көрсетілу бағыты.

б) Тегін медициналық қызмет көрсетілетін топтарға кімдер жатады?

в) Скрининг дегеніміз не?

г) Диспанцеризация дегеніміз не?

3) Қорытынды.

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандығы № 2136 қаулысы бойынша: Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі:
- Жалпы ережелер
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады және барынша дәлелденген тиімділігі бар профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтер көрсетуді қамтиды.
- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне (бұдан әрі - ТМККК) мыналар кіреді:

- 1) жедел медициналық көмек пен санитариялық авиация;
- 2) амбулаториялық-емханалық көмек, ол:
медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (бұдан әрі - МСАК);
медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының
жәнебейінді мамандардың жолдамасы бойынша
консультациялық-диагностикалық көмекті (бұдан әрі - КДК)
қамтиды;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі -
уәкілетті орган) айқындайтын ауруханаға жатқызу
жағдайларының жоспарланатын саны (шекті көлемі) шеңберінде
МСАК маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы
бойынша, төтенше айғақтары бойынша - жолдаманың болу-
болмауына қарамастан берілетін стационарлық медициналық
көмек;
- 4) МСАК маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасы
бойынша стационарды алмастыратын медициналық көмек;
- 5) қалпына келтіру емі және медициналық оңалту;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халық санаттары
үшін паллиативтік көмек және мейірбике күтімі.

Амбулаториялық-емханалық көмек нысанындағы ТМҚКК азаматтарға МСАК, ҚДК түрінде ұсынылады және мыналарды қамтиды:

- 1) мамандардың тексеріп-қарауы, консультациясы;
- 2) МСАК маманының және (немесе) бейінді мамандардың медициналық айғақтары және жолдамасы бойынша 18 жасқа толмаған балаларға, жүкті әйелдерге, Ұлы Отан соғысына қатысқандарға, мүгедектерге, көп балалы аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлеріне, атаулы әлеуметтік көмек алатындарға, жасы бойынша зейнеткерлерге, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастарға және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратындарға (бұдан әрі - әлеуметтік қорғалмаған топтар) көрсетілетін полимеразды тізбекті реакция негізінде диагностикалауды, иммунофенотиптелуді, компьютерлік және магнитті-резонансты томографияны, позитрондық-эмиссиялық томографияны, бір фотондық эмиссиялық компьютерлік томографияны, ангиографияны, медициналық-генетикалық зерттеулерді қоспағанда, зертханалық және аспаптық зерттеулер;

- 3) медициналық қызметтер (инъекциялар, дәке, қатайтатын таңғыштар, шендеуіштер салу, медицина ұйымының шығыс материалдарын пайдаланып хирургиялық, экстракорпоралдық ұрықтандыруды қоса алғанда, гинекологиялық, урологиялық, офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да амбулаториялық ем-шаралар (бұдан әрі - медициналық қызметтер);
- 4) медициналық айғақтары бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға физиотерапиялық емшаралар;
- 5) халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына шұғыл стоматологиялық көмек, тіс жұлуды қоса алғанда, 18 жасқа дейінгі балаларға және жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық көмек (ортодонттық және ортопедиялық көмектен басқа), қыздыру және химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломба салу, сондай-ақ тіс-жақ аномалияларын жою үшін аппаратты пайдалана отырып, туа біткен жақ-бет мүшелерінің патологиясы бар балаларға ортодонттық көмек (ортодонттық пластинка);

- 6) салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар:
салауатты өмір салтын насихаттау және тамақтану;
тұрғындарды гигиеналық оқыту, отбасын, ана болуды, әке болуды және балалықты қорғау;
халыққа қауіпсіз сумен жабдықтау және ұтымды тамақтану жөнінде түсіндіру жұмыстары;
- 7) белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын уәкілетті орган бекітетін дәрілік заттармен мамандандырылған емдік өнімдер тізбесіне сәйкес тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз етуге сәйкес дәрілік заттармен қамтамасыз ету;
- 8) уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеріп-қарау;
- 9) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге сәйкес инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы профилактикалық егуді жүргізу;
- 10) инфекциялық аурулар ошақтарында санитариялық эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар;
- 11) анамнезінде операциялық араласулары, қан мен оның компоненттерін құю бар қан ауруларымен, қатерлі ісіктермен ауыратын гемодиализдегі балаларды «В» және «С» вирусты гепатиттеріне диагностикалауға скринингтік зерттеулер (иммундық ферменттік талдау, полимераздық тізбектік реакция) жүргізу

Диспансеризация дегеніміз не?

Диспансеризация- бұл тұрғындардың денсаулығын сақтауға, созылмалы аурулардың өршу жиілігін төмендетуге, асқыну, мүгедектік, өлім-жітімді азайтуға және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар жиынтығы.

○ Скрининг дегеніміз не?

Скрининг - бұл дені сау адамдар арасында жүргізілетін медициналық қарап тексеру белгілі бір жас мөлшерінде аурудың қауіп факторы мен ауруын ерте сатысында анықтау, сонымен бірге аурудың асқынуының алдын алу және емнің нәтижелігін жоғарлату. Скрингті тексеру тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі арқылы іске асады.

Қазіргі уақытта 10 скрининг жүргізіледі:

- 1. Скрининг белгілі балалар топтары, 0 жастан 17 жасқа дейін, ауруды ерте анықтау немесе басқаларын.
- 2. Жүрек -қан тамыр жүйесінің ауруын анықтау, жас мөлшерлері- 25, 30, 35, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64 жас. Қан құрамында холестериннің және глюкозаның мөлшерін анықтау, электрокардиография, кардиолог бақылауы, эндокринолог - көрсеткіш бойынша.
- 3. Қант диабетін ерте анықтау, ер және әйел кісілердің барлық жас топтарында. Қан құрамында глюкоза мөлшерін анықтау, дене салмағының индексі, эндокринолог-көрсеткіш бойынша.
- 4. Глаукоманы ерте анықтау, ер және әйел кісілердің жас топтары - 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70 жас. Көз ішілік қысымды өлшеу.
- 5. Сүт безі ісігін ерте анықтау, әйелдер жас топтары - 50, 52, 54, 56, 58, 60 жас. Сүт безінің маммографиясы, маммолог кеңесі, онколог - көрсеткіш болса.

- 6. Жатыр мойны ісігін ерте анықтау, әйелдер жас топтары - 30, 35, 40, 45, 50, 55, 60 жас. Жатыр мойнынан алынған жағындыны цитологиялық зерттеу, патологиялық өзгерісті жоққа шығару үшін, акушер-гинеколог кеңесі, кольпоскопия - көрсеткіш бойынша.
- 7. Тік ішектің ісігін ерте анықтау, ер және әйел кісілердің жас топтары - 50, 52, 54, 56, 58 және 60 жас. Өңешті және асқазанды эндоскопиялық зерттеу, гастроэнтеролог кеңесі, онколог - көрсеткіш болса.
- 8. Қуық асты безі ісігін ерте анықтау, ер кісілер жас топтары - 50, 54, 58, 62, 66 жас. Көктамырдан ПСА, урологтың кеңесі, ультрадыбыстық зерттеу және биопсия - көрсеткіш бойынша.

- 9. Бауыр ісігін ерте анықтау, әйелдер мен ер кісілердің барлық жас топтарында. АПФ-ға көктамырдан қан алу, бауырдың УДЗ-і көрсекіш болса.
- 10. Гепатит В,С анықтау скринингі, әйелдер мен ер кісілердің барлық жас топтарында. Қан тапсыру маркерлерге, бауырдың УДЗ-і көрсекіш болса.
- Президент Н.Ә.Назарбаев жолдауында, былай деп айтылған: «Ұлттың денсаулығы - бұл біздің табысты болашағымыз!», сондықтан жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтейік, өз денсаулығымызды ескерейік!

**Назар аударғандарыңызға
рахмет!!!**